

Қарағанды облысы Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2026 жылғы 21 шілдедегі № 56/510 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36186 болып тіркелген) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру Қағидаларының 39-тармағына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облысы Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 1,2 қосымшаларына сәйкес анықталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

Д.Сакенов

Абай аудандық мәслихатының
2026 жылғы 21 шілдедегі
№ 56/510 шешіміне 1 қосымша

Қарағанды облысы Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, азаматтардың Қарағанды облысы Абай ауданының аумағында орналасқан тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе "Тұрғын үй туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін Қарағанды облысының Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері қарыз сомасының 10% құрайды, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайды.

Абай аудандық мәслихатының
2026 жылғы 21 шілдедегі
№ 56/510 шешіміне 2 қосымша

Қарағанды облысы Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттарының тізбесі

Қарағанды облысы Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттарына келесілер жатады:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
;
басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған
кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;
жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;
кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған
жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай
адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту
мерзіміне ұзартылады;
қандастар;
экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар
салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;
"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана"
атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған
көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш
кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде,
құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;
толық емес отбасылар;
асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі
оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар
жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады.